



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 15 ақпан

«Invest Online» - қаражатты ыңғайлы және қарапайым инвестициялауға арналған инновациялық жүйе

2018 жылғы 27 наурызда халықтың ақшаны бағалы қағаздарға инвестициялауы үшін «Invest Online» инновациялық технологиялық өнімі іске қосылды. Бұл жүйе Қазақстан Республикасының әрбір азаматына мемлекеттік бағалы қағаздарды (Ұлттық Банктің ноттарын) сатып алуға және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне кері сатуға мүмкіндік бере отырып, ақша инвестициялаудың қолжетімді тәсілі болып табылады.

Іске қосылғаннан бастап Қазақстан Ұлттық Банкінің инновациялық өнімі халықтың сұранысына ие болды. Бұл жүйе арқылы халық күн сайын 3,1 млн теңгеден астам сомаға 32 мың қысқа мерзімді ноттарды сатып алады. Инвестициялардың жалпы көлемі 987,4 млн теңгені құрады.

«Invest Online» жүйесінде түрлі ұйымдарға нақты баруды талап етпейтін инвестициялау талаптары барынша жеңілдетілді: барлық операциялар мобильдік қосымша немесе жүйенің веб-сайты арқылы тәулік бойы режимде онлайн жүргізіледі. Бұл өнімді Қазақстан Республикасының кез келген азаматы пайдалана алады, арнайы білімнің, нарықты жан-жақты зерделеудің, кассаларда кезекте тұрудың, қағаздағы құжаттарға қол қоюдың қажеті жоқ.

Мыналар жүйенің артықшылықтары болып табылады:

- комиссиялардың болмауы: жүйедегі барлық операциялар тегін;
- мемлекеттік бағалы қағаздарға кепілдікті инвестициялар;
- қаражаттың жоғалу тәуекелінің болмауы,
- салынған қаражатты жинақталған кірісімен кез келген сәтте қайтару мүмкіндігі.

Invest Online қосымшасының жұмысы бойынша консультацияны техникалық қолдау көрсету желісіне тәулік бойы 8 800 080 86 68 телефоны бойынша хабарласу арқылы және investonline@csd.kz электрондық поштасы бойынша алуға болады.

Қосымшаның жұмысы бойынша түсіндірмені Қазақстан Ұлттық Банкінің «ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасының «Invest Online» арнайы бөлімінде де алуға болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz